...РЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...І ТУЫ

...ТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...ВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

... январь Сенбі | шығуына 32 жыл
жеке саны 20 тиын.

**Партия, совет ұйымдары мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысымен үнемі шұғылданып, оның жайын жақсарту үшін үздіксіз көмектесіп, накты басшылық жасап отырулары керек. Осылай болған күнде ғана мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы жоғары дәрежеде ұйымдастырылуы мүмкін.**

## ...ниет

...ы төрт айдан бері
... мекемелері аудан-
...шісі жоқ, мұнда
...ақты семинарлар
...олма, аудандық
...едателі Бірімжанов,
...итетінің секретары
... Мәдениет үйін жөн-
...ған тақтайларды
...уды қажет деп
... баска мекемелерге
... сондықтан да бұл
...рту мекемелерінің
...р.
...митеті VIII плену-
...ган большевиктері
... идеологиялық жұ-
...огін, соның ішінде
...лерінің жұмысын
... талап етті. Олай
...терді дереу жойып.
...елерінің жұмысын
... — партия, совет
...күттірмейтін басты
...ып табылады.
...мелері — ауыл-се
...ығы. Олар өздері-
...барлық түрлері мен
...стету арқылы ең-



Петропавлдағы шағын двигательдер жасау заводының токарі комсомолец И. Медведев жолдас заводты жаппай стахановтық еңбек кәсіпорнына айналдыру жолындағы жарыска ұштасып, смена сайын 2,5 нормадан орындап жүр. Медведев жолдас әзірлеген бөлшектерде акау кездесіп көрген емес.

СУРЕТТЕ: И. Медведев жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

# Мал қыстату—жауапты кезең

* * *

## Жылқышының табысы

«Сталин жолы» колхозы—Преснов ауданындағы ірі колхоздардың бірі. Бұл колхоздың жылқысы ұсақ колхоздардың іріленуінен кейін жедел қарқынмен көбейіп келеді. Жылқы өсіруде таңдаулы жылқышы Б. Оспанов жолдас үздік еңбек сіңіріп жүр. Ол жылқыны жаз жақсы жайлымдарда, қысты күні бұрын әзірленген тебіндіктерде бағып күтеді. Сөйтіп жылқыны ұдайы жақсы күтімде ұстайды. Осының нәтижесінде оның алдынан бір жылқы да шығынға ұшыраған емес.

Жылқышы, әсресе, өткен жылы зор табыска ие болды. Ол қарамағындағы 46 биеден 46 құлын алып, оларды шығынсыз өсірді.

Колхоз жылқысы қазіргі уақытта тебінде бағылады. Бұл —жылқы өсірудегі ең жауапты кезең. Жылқы санының өсуі оның осы кезеңнен күйлі және шығынсыз шығуына тікелей байланысты. Осыны еске ала отырып, Оспанов жолдас жылқы жайылатын тебіндіктер мен ықтырмаларды ұқыппен пайдаланады. Ауа райының өзгеруіне қарай ол тебіндіктерін де өзгертіп отырады. Қыстың аязды, боранды күндері ол құлындайтын биелерді және құлындарды ағаш қойнауларына немесе күні бұрын әзірленген арнаулы қораларда бағады. Сөйтіп жылқы-...

* * *

## Озат тәжрибе көптің игілігі болуы керек

К. Теміров жолдас 4 жылдан бері «Победа» колхозының жылқысын бағып жүр. Колхозшылар оны «құрығы құтты жылқышы» деп атайды. Бұл неліктен? Өйткені, үлгілі жылқышы осы мерзім ішінде бір жылқыны да шығынға ұшыратқан емес. Ол жылқыны жылдар бойына жақсы күтімде ұстайды да, оларды шығынсыз өсіреді, жыл сайын әрбір биеден бір-бір құлын алып, оларды түгел үйірге қосып отырады.

1950 жыл —Теміров үшін ерекше бір табыс жылы болды. Ол бұл жылы қарамағындағы биелерден бір-бір құлын өсірді. Мұндай қажырлы еңбегі үшін облыстық Совет аткомі жылқышыға екінші дәрежелі диплом және 750 сом ақшалай сыйлық берді. Жылқышы өткен жылы да елеулі табыска ие болды. Ол қарамағындағы 39 биеден 38 құлын алып, оларды шығынсыз өсірді. Бұл үшін жылқышыға бір құлын сыйға берілді.

Қазір Теміров жылқыны тебінде бағып жүр. Ол ауа райының ерекшелігіне қарай, тебінді де өзгертіп отырады. Осы арқылы таңдаулы жылқышы жылқыларды жазғы күйінен тайдырмай жақсы күтімде ұстап келеді.

«Победа» колхозында жекелеген мұн-...

...ры, әсресе, колхоздың бастауыш партия ұйымы бұл мәселемен мүлдем шұғылданбай отыр. Осының салдарынан колхозда мал қастату сияқты аса маңызды жұмыс ойсыраған олқылыққа ұшырады. Мұнда қоғамдық малдың күтімі мейлінше нашар. Малға жемшөп және жылы, жарық қоралардың жеткіліксіз болуымен бірге, дайындалған мал азығының өзі малға ұқыппен берілмей жүр. Мұнда мал қоралары жанына тасылып алынған жемшөп қоры мүлдем жоқ десе де болады. Сондықтан малға шөп күнбе-күн даладан тасылып әкелініп беріледі. Бұл жағдай біріншіден, малдың мезгілінде азықтандырылмай шөптен тарығуына әкеліп соқса, екіншіден жемшөптің ысрап болуына және қар астында қалуына әкеліп соғып отыр.

Қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жөніндегі үкметіміз бен партиямыз алға қойып отырған талаптарды мінсіз жүзеге асыру мал қыстатуды барлық жағынан тыңғылықты ұйымдастыруға тікелей байланысты. Олай болса, колхоз басшылары мал қыстатуға басшылықты шұғыл жақсартуға жетісуге міндетті. Бұл үшін жоғарыдағыдай озат мал өсірушілердің бай тәжрибелерін колхоздың ...

## Партия такырыбына

# басшылығы туралы

...итетінің

...қ орын-
...дік. Ол
...шылар-
... жүр-
...үні кол-
... брига-
... болып,
...ен әңгі-

...да сөз
... азығы
...ның нә-
...зшылар-
...ық қам-
... сатудан
..., быйыл
...ғы жө-

...ған кол-
... колхоз
...н, ар-
...тіндігін,
...салдары-
...ын жоқ

...ту жө-
...лар Зу-
...пті қар-
...етті. Ол
...лынуын
...шыларға
... түсін-
...л енді
...рмен бірі
...ды тез
...зшылар
... ертеңі-
... еңбек

Колхоз кадрларын тәрбиелеу жөніндегі жұмысымыз өзінің жемісті нәтижесін беруде. Аудан колхоздары соңғы екі жыл бойы бітік егін өсіріп, мол өнім алды. Мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын толық орындап, сортты тұқым қорымен қамтамасыз болды.

Мал шаруашылығына да осындай әдіспен басшылық жасап келеміз. Алдымен, ферма меңгерушілері өз ісін жақсы көретін және зоотехникалық-мал дәрігерлік ережелерді білетін адамдардан тағайындалу қажет. Сонымен бірге, олармен де үнемі жұмыс істеуге, оларға қамқорлық жасау керек. Куйбышев атындағы колхоздың шопаны Абдірахман Сәрсенов өз ісін жақсы көреді. Осының нәтижесінде ол өткен жылы әрбір 100 саулықтан 140 қозы алды, өз отарындағы әрбір қойдан 3 килограмм жүн алынуын қамтамасыз етті. Чкалов атындағы колхоздың жылқышысы Рамазанов 50 биеден 50 құлын алып, шығынсыз өсірді. Ауданнан мұндай озат мал өсірушілерді көптеп атауға болады. Аудандық комитет мал өсірушілердің кеңесін өткізіп, оларды республикадағы, облыстағы, аудандағы табыстармен таныстырып отырады

Өткен жылдың октябрь айында аудан мал өсірушілерінің Мамлют асыл тұқымды мал совхозына экскурсиясын ұйымдастырдық: оған колхоз председательдері, мал фермаларының меңгерушілері, бұзау өсірушілер, сауыншылар, мал шаруашылығының мамандары түгел қатысты. Олар совхоздың мал қораларын, малдарын, сауын сыйырларын көрді. Совхоздың мал шаруашылығымен танысқаннан кейін экскурсияға қатысушылар үшін Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Ғылым Академиясының ғылми қызметкері Каргин жолдас «Далалық қызыл тұқымды мал және оның қасиеті» деген



Киров атындағы заводтың балалар бақшасында.

СУРЕТТЕ: Бақшада тәрбиеленуші **В. Виноградов** және **Э. Купоров** балалар бақшасындағы аквариумда өсірілетін алтын балықты көріп тұр.

## Шахмат турнирі

Жуырда Петропавлдағы «Уражай» ерікті спорт қоғамында өткізілген қала оқу орындары арасындағы 15 күнге созылған шахмат-дойбы турнирі аяқталды. Қатарында 12 шахматшы мен 12 дойбышы бар командалар арасында және 6 шахматшы мен 6 дойбышы бар командалар арасында қызу күрес кеңінен өрістетілді. Кейінгі командалар екі айналым ойнады.

Қызу ойыннан кейін шахматшылар ішінен мүмкіндігі бар 12 очкодан 9,5 очко алған ауылшаруашылық техникумының 1-курс студенті Виктор Веников турнирде жеңіп шықты. Осы техникумның III-курс

# Вашингтонда Черчилль мен Трумэннің арасындағы келіссөз жайында

ВАШИНГТОН, 9 январь. (СОТА). Ағылшын бас Министрі Черчилльдің Вашингтонда екендігі, онда Трумэнмен келіссөз жүргізіп жатқандығы мәлім. Бүгін осы келіссөздер жайында Ак үй Трумэн мен Черчилльдің мәлімдемесін жариялады.

Мәлімдемеге қарағанда көптеген мәселелер талқыланған, алайда мәлімдеме қаралған мәселелерге қорытынды жасай келіп, негізінен екі жақтың «ойлары мен мақсаттарын жақсы түсіну керектігін» айтудан әрі бармайды.

Американ газеттері мен информациялық агенттіктер Трумэн мен Черчилль арасындағы мәжлісті түсіндіре келіп бұл келіссөз АҚШ үкметі мен Англия үкметі үшін негізгі мәселелердің бірде-бірінен күткен тілек ешбір нәтиже бермегендіктен анығында бұл келіссөздердің күйреушілікке ұшырағандығын мойындауға мәжбүр болып отыр.

Мәжліс басталар алдында американ баспасөзінде хабарланғанындай, Трумэн үкметі Черчилльмен келіссөз жүргізгенде өзінің алдына Совет Одағы жөнінде, Қыйыр Шығыста, Азияда, Таяу және Орта Шығыста Англия мен АҚШ «әрекеттерінің жалпы бағытын» белгілеу, «өзара сенбеушілікті» жою және «Европа армиясын жасау жөніндегі мәселеде өзара ұғынысуға жетісу», Англия мен Қытай арасындағы дипломатиялық қарым- қатынасты бұзуға дейін баратын Қытай Халық Республикасы жөніндегі Англия саясатын өзгерту, Иран, Египет және басқа Таяу, Орта Шығыс және Азия жөніндегі Англия мен АҚШ арасындағы алауыздықты жою, онымен қатар, американ -ағылшын қайшылықтары шиелене түскен басқа да ішкі -сыртқы мәселелерді шешуді негізгі мақсат етіп қойған болатын.

Американ баспасөзінің хабарлауынша, осы мәселелердің барлығынан дерлік келісілген қарарлардың болмағандығы көрінеді.

«Нью- йорк таймс» газетінің тілшісі Рестон Вашингтоннан берген өзінің бүгінгі шолуында, мәжліс қорытындысына баға бере келіп, Вашингтондағы ресми өкілдердің сөздеріне сүйене отырып, Вашингтондағылардың барлығы да «кәзіргі уақытта ешқандай нақтылы келісім болмады» және «өкіл лидердің екеуі де соңғы екі жылдың ішінде ағылшын -американ араларындағы туған қайшылықтарды жоя алмады», деп ұйғарысып отыр, деп жазады.

«Нью-йорк геральд трибюн» газетінің тілшісі Рассел де өзінің Вашингтоннан берген хабарында «ресми адамдардың» пікіріне сүйене отырып, азғана мәселелер жөнінде ғана қарар қабылданғандығын атап көрсетті. Ол «араларында алауыздық туып отырған саясат мәселелерін негізінен өзгертуге жетісу емес, Черчилль Вашингтонға көбінесе президент Трумэннің саясаты және ойлаған ойымен танысу үшіне келді» деп түсіндіреді.

«Нью- йорк таймс» газетінің тілшісі Рестон мәжлісте көрінген ағылшын -американ қайшылықтарының кейбір мәселелеріне тоқталып және олар келешекте шиеленісе беруі ықтыймал дей келіп, бұл мәжліс «осы екі елдердің (АҚШ және Англия **ред.**) арасындағы қарым-қатынастарды мейлінше шиеленістіріп отырған, соңғы жылдардағы Англияның негізгі экономикалық және финанс қыйындықтарына тоқталмады» деп көрсетеді.

## Кореядағы оқыйғалар

